

Жаннан қымбат оларға ар.
Мен жастарға сенемін.
Магжан

АҚМЕШІТ
жастары

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан бастап шығады

№ 09 (390)
4 наурыз, 2021 жыл

REDAKTOR BAĖANY



«Келіні жақсы үйдің керегесі алтын». Осы сөздің төркінінде терең мән жатыр. Өйткені шаңырақтың беріктігі, отбасындағы ынтымақ, бардың бағасын білу, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу, бәрі-бәрі келіндердің бойындағы жақсы қасиеттермен астасып жатады. Иә, заман түрленген сайын қазіргі келіндерде жаңа ғасырдың іс-әрекетіне бейімделуде. Тіпті әлеуметтік желінің көмегімен тыңдырымды тіршілігін оқырман қауымға ұсынып, көпшік ықыласына бөленгендер де аз емес. Соның бірі – «робот келін». Алғашында роботтан келін жасапты деген ой қалыптасуы мүмкін. Бірақ Ақтолық Серікбай шапшаң тірілігінің арқасында ғаламтордағы аудиториясынан «робот келін» деген атқа ие болды.

РОБОТ КЕЛІН

Ерасыл ШӘРІБЕК

ОҚЫРМАНДАР БАҒАСЫ

– 23 жасымда турмысқа шықтым. Үйдің тіршілігі де, бала бағу да, қызмет атқарып, ата-әне мен жолдасының тілін табу да оңай емес. Бірақ бәріне үлгеруге тырысамын. Ғаламтор билеген заманда гаджетсіз өмірді елестете алмайтындай болдық. Үйдегі күнделікті тіршілігімді телефонның көмегімен Instagram-ға сала бастадым. Күн сайын үзбей бейнероликтер салғаннан кейін оқырмандар бірте-бірте жинала бастады. Алғашында Instagramдағы ақшауытмы Ақтолық Серікбай деп қаралып тұрды ашты. Ол кезде 317-ғана оқырманым бар еді (күліп). Instagram-ның ауқымы кең гой. Кез келген адамның аудиториясын қарауға мүмкіндік бар. Insta-да батыс пен оңтүстіктің блогер келіндері қалыптасыпты. Адамның істегенін адам істейді деп тәуекелге бел буып, аймақта алғашқы блогер келін ретінде Instagramда пайда болдым. Керек кеңестерді ұсынғаннан кейін оқырман жиналды. Бүгінде 508 мың оқырманым бар. Кейде роликтерден қауыртыр тіршілігімді көрген оқырмандар «Бәріне қалай үлгерісіз?», «Сіз осы демалысыз ба?», «Қалай шаршамайсыз?» деген сұрақтарын жаудырады. Алғашында оларға әзірлеп, өзімді «робот келінім» деп атайтынмын. Кейін осы ат тез тарапты, әлеуметтік желіде «робот келін» атанып кеттім.



осындай екен» деп, ақ жаулықты апаларымыз келін туралы тек жақсы пікір айтуға әдеттенген. Жалпы барлық адамның көңілінен шығуы мүмкін емес. Бірақ қал қадірмізше өзімізді жақсы қырынан танытуға барымызды саламыз. Күн сайын Instagram-дағы Stories арқылы сәлем салып, елмен амандасамын. Үлкендер баталарын жазып, риза болады. Арасында «Неге сәлем саласыз? Сізді өзіңізден кішілер де қарайды гой» деген хаттар келеді. Сәлем салғаным

қарайды» деп жазады. Мүмкін біз секілді келін-блогерлер «сәлем салу» эстафетасын барша келіндерге жолдаса, көпшілікте қызығушылық оянып, керемет салтымызды жаңартуға болатын шығар. Осы ойымды құптаушылар табылса, эстафета бастауға болады. Ел арасында «халықтың келіні» деген дәрежеге жеткенімді көріп, бойымды мақтансыз сөзім кернейді.

INSTAGRAM-ДА СЫЙЛЫҚ ТАРАТАМЫН

– 508 мың адам назарын аударып көретін болған соң, кейде Instagram-дағы оқырмандарымды сергіту аясында сыйлық ойнатамын. Өріне барлығы тегін таратылады. Гив арқылы демалушылар іздеп, оқырмандар үшін ең қажетті сыйлықтарды алуға тырысамын. Өзге блогерлерден айырмашылығым – менде ұйымдастыру алқасы болмайды. Барлығына өзім атсалысамын. Өйткені ұйымдастырушыға сеніп, абыройсыздыққа ұшырағым келмейді.

ЕНЕСІ БАР АДАМДАР ШАРШАМАЙДЫ

– Қоғамда ене мен келін тақырыбы жиі қозғалады. Келін туралы да, ене туралы да жағымсыз пікір баршылық. Енесімен бірге тұрып жатқан келіншектерге жаны ашып қарайтындар да жетілікті. Ал негізінде, келінінің енесімен қара шаңырақта бірге тұрғанын пайдасы мен артықшылығы өте көп. Ата-енемен бірге тұруды құлтаймын. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» дейді. Жастар үлкендермен бірге тұрса, біраз нәрсе үйренеді. Берені болады. Ата-әжесінің қолында өскен немере де көңіліп, бауырлам болып өседі. Сол үшін турмысқа шыққанды жатқан қыздарға, жас келіндерге «атаңа не қылсаң, алдына сол келеді» дегенді айтқым келеді. Қара шаңырақтан қашпау керек!



ХАЛЫҚТЫҢ КЕЛІНІМІН

– «Келінінің аяғынан» дегендей үйдегі келінің жүріс-тұрысынан, бойындағы ізеттілігінен оның тәлім-тәрбиесі, адамгершілігі айқын көрініп тұратыны сөзсіз. «Таленше үйдің келіні жақсы екен, түгенше үйдің келіні

– мені қарап отырған үлкендерге деген құрметім, ал жастарға берген өнегем деп білемін. Еліміздің қол өңірлерінде бұл дәстүр ұмытылып барады. Мәселен, солтүстік өңірлерде сәлем салу дәстүрі жоқ екен. Сол жақтың келіндері «сәлем салғымыз-ақ келеді, бірақ біз жақта біртүрлі

6

Зейнетақы қоры: енді ем ақысы қымбаттады

7

Футбол бұзақылары қайдан шықты?

ХАЛЫҚ БЕРЕКЕСІ: 12 ПӘТЕРЛІК ЕКІ ҮЙ САЛЫНАДЫ



Облыс әкімі
Гүлшара
Әбдіқалықова
«Халық» және
«Береке»
қайырымдылық
қоры ұсынған
«Халық берекесі»
әлеуметтік
жобасымен
танысты.

Кездесуде «Халық» қайырымдылық қорының директоры Сағынбек Шүкеев пен «Береке» қайырымдылық қорының басшысы Бағдат Сүлейменов әлеуметтік жобаның маңыздылығын баяндады. Аймақ басшысы Сыр еліне келген құрметті меймандарға алғыс айтып, ынтымақтастық әріптестік аясындағы жаңа жобаның маңызы зор екенін айтты.

«Халық берекесі» жобасы 3 бағытта іске асады. Мәселен, «Тұрғын үй бағдарламасы» бойынша әлеуметтік көмек алуға келісім жасасу арқылы қаласа мұқтаж отбасыға 1-3 жылға дейін уақытша негізде тұрғын үй беріледі. Яғни жоба аясында Қызылорда

қаласынан 12 пәтерлік екі үй салынады деп жоспарланады. Ал «Қосымша білім беру» бағыты мектеп жасына дейінгі балаларға өмірлік дағдыны үйрету, жасөспірімге арналған курстарды оқытуды көздейді. «Отбасыны әлеуметтік бейімдеу» бағыты арқылы өмірлік қиын жағдайдағы отбасыларды әлеуметтік бейімдеуге қажетті көмектер ұсынылады.

Бүгінде өңірде белсенді азаматтардың бастамасымен түрлі деңгейдегі әлеуметтік жоба іске асып, әлеуметтік мұқтаж отбасына көмек көрсетіліп келеді. 2019 жылы табысы төмен азаматтардың қаласа мұқтаж отбасына байланысты облыс әкімдігінің

бастамасымен «Болат Өтемұратов қоры» қаражаты есебінен 100 отбасы тұрғын үймен қамтылды. Сонымен қатар былтыр жеке шаруашылық және қаспторын есебінен, жастар бірлестігі бастамасы және «Асар» әдісімен аз қамтылған көп балалы 20 отбасы тұрғын үйге қол жеткізді.

Кездесу соңында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қызылорда облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Гаухар Қалмақова мен Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Бектас Нурдиновке әлеуметтік жобаны үйлестіруді тапсырды.

БІРЛІК ПЕН БІРЕГЕЙЛІК МОДЕЛІ



Облыс әкімдігінің бастамасымен «Қоғамдық келісім» КММ және «Рухани жаңғыру» орталығының ұйымдастыруымен Достық үйінде «Қазақстан тәуелсіздігіне 30 жыл: Бірлік пен бірегейліктің моделі» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияға Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Серік Ахмет, Сенат депутаты Мұрат Мұхамедов онлайн түрде қатысты. Сондай-ақ облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, жоғары оқу орнындағы студенттері мен ғалымдары, саяси партия мен үкіметтік емес ұйым өкілдері, облыстық этномамандар бірлестіктерінің жетекшілері қатысты.

Достық үйінің фойесінде қолданылатын заттар көрмесі ұйымдастырылды. Іс-шараға қатысушылар көрмеге қойылған бірегей экспонаттар, этностардың

ұлттық киімдері және тұрмыстық заттарымен танысты. Сондай-ақ конференцияда пленарлық отырыс пен екі секциялық жұмыс өтті. Бірінші секцияда Қазақстан халқы ассамблеясының бірлестірушілік және қоғамдық-саяси рөл баяндалса, екінші секцияда келіптің отырысы Қазақстанның қалыптасу тарихы айтылды.

Облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет Тәуелсіздіктің маңызына тоқтады. Қорық ата атындағы Қызылорда университетінің доценті Айтжан Оразбақов «Этнос өкілдерінің

Сыр өңіріне қоныстану тарихы» тақырыбында баяндама жасап, зобалаң жылдардың қиындығы мен елге тигізген кері әсерін қозғайды. Ал Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана директоры Нұрлыбек Мыңжас «Қазақстан халқы Ассамблеясының саяси институт ретіндегі ерекшелігі» тақырыбында баяндама жасады. Мұнан соң Корей этномәдени бірлестігі төрағасының орынбасары Юрий Ким «Корейлерің Қазақстанда: от депортациядан Независимості» тақырыбын қозғайды.

АРМАН АҒАШЫ

Қызылордада «Сыр үміті» жастар қауымдастығының бастамасымен «Арман ағашы» атты қайырымдылық акциясы басталды. Акцияның басты мақсаты – ерекше күтімді қажет ететін, мүмкіндігі шектеулі, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, үйден оқытатын балалардың арман-тілегін орындауға бағытталған.



Осы орайда, қаламыздағы «Arag city mall» сауда орталығына арнайы балалардың тілегі жазылған арман ағашы орнатылды. Кез келген тұрғын балалар тілегін алып, оны орындай алады.

– «Арман ағашы» қайырымдылық акциясы аясында біз ерекше қажеттілігі бар және мүмкіндігі шектеулі балаларға жылылық пен сүйіспеншілік сыйлаймыз келеді. Олардың арманын жүзеге асыру арқылы біз шабыт сыйлаймыз. Айта кетейік, акциямызға

облыстағы кәсіпкерлер мен шеңуеніңтер де атсалысуға ниетті, – деді «Сыр үміті» жастар қауымдастығының төрағасы Мағжан Ералиев. Акцияның ұйымдастырушысы және жас кәсіпкер ретінде бірінші болып Мағжан Ералиев ДЦП сырқатына шалдыққан Фариза есімді аруға өз армандарын арбағы сыйға тартты. Күлді мен үміті қатар тұрған күн кезінде балаларға қуаныш сыйлау мақсатында қолға алынған игі бастама бір айға созылады. Сіздерді де үлес қосуға шақырамыз.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ҚАЙЫРЛЫ ІС



Қалалық пробацция қызметі мен Жастар ресурстық орталығы бірлесіп, пробацция есебінде тұрған жалғызбасты, көпбалалы аналарға қайырымдылық көмек ұйымдастырды.

Пробацция есебіндегі көпбалалы А. есімді азаматшаның айтуынша, әлеуметтік жағдайы төмен, жұмыс істеп тапқан азын-аулақ табысы балаларының напақасынан, ас-суынан артылмайды. Балаларына компьютер алып беруге жағдайы жоқ. Оның жағдайына бей-жай қарамаған пробацция қызметкері мен жастар ресурстық орталығының мамандары жалғызбасты көпбалалы екі азаматшаға азық-түлік өнімімен бірге балаларға компьютер табыстады. Көпбалалы ана қуаныштан көзіне жас алып, сала мамандары мен жастарға алғыс айтты.

ҚАУІПСІЗДІК ҮШІН

Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күніне орай «Ұлттық экономиканы сақтау үшін мықты азаматтық қорғаныс» ұранымен ТЖД-нің іс-шаралары өтуде. Мұндағы мақсат – халықты апаттар мен авариялық жағдайда өзін қорғауға үйрету.

Мәселен, 15 ақпаннан бастап білім ұйымдарында «Азаматтық қорғаныс саласындағы үздік мектеп» байқауы өтті. Сондай-ақ 47 мектепте қауіпсіздік шарасын түсіндіруге байланысты онлайн сабақ ұйымдастырылды. Оған 1389 оқушы мен 156 мұғалім қатысты.

– Тұрғындардың амаңдығы – бірінші орында. Шыны керек, қазір қоғамда өрт, газдан иіс тию, суға кету секілді түрлі апатты жағдайлар жоқ емес. Біз осынау жағдайдың алдын алу және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 15 ақпан мен 15 наурыз аралығында біршама жоспарды іске асырғамыз. Халық арасында бүгінде үгіт-насихат жұмысы басталып, білім ұйымдарында түрлі деңгейде жастар мен дайындық жұмысы қарынды жүргізілуде. Мәселен, «Алғашқы әскери дайындық» және «Тыныс-тіршілік қауіпсіздік негіздері» пән бойынша оқу орнының оқытушыларына онлайн «ZOOM» қосымшасы арқылы сабақ өткізілді. Аталған шаралар тек қаламызда емес, аудандарда да жалғасын табууда, – деді облыстық ТЖД бастығының орынбасары Саид Молдақараев.

Бір айға созылған іс-шара жоспарында Азаматтық қорғаныс басқармасы қызметкерлері «АРТ-Тренинг» сурет салу шеберлік сағатын өткізді. Оған қаламыздың 13 мектебінен 18 оқушы қатысты. Ар арнайы ұйымдастырылған «Ашық есік күнінде» Қызылорда облысының волонтер фронт отбасының өкілдері мен студенттері, оқушылар өрт сөндіру қызметінің негізгі және арнайы техникасымен танысты. Жалпы қауіптің алдын алу туралы үгіт-насихат жұмысы облыста жыл бойы жалғасады.

Бетті дайындаған: Айгүл Әлішорыа

БІЛІМ БӘЙГЕСІНДЕ БАҚ СЫНАУДА

Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушылары пәндік олимпиадаға қатысуда. Еліміздің түпкір-түпкірінен жиналған 700-ден астам дарынды жас жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық пәндер бойынша жүлделі орынға таласуда.



Быыл үшінші рет ұйымдастырылған білімділер досында оқушылар биология, химия, физика, география, математика және информатика пәндерінен білімді ортаға салды. Мәселен, халық Әбунасыр Әмірді мектепте үздік географтың бірі ретінде таныды. Ол мемлекеттердің астанасын, экономикасын жатқа біледі. Әсіресе жас зияткер елдердің әлем картасында орналасу нүктесі мен олардың даму тарихын жетік білгімен ерекшеленді. География пәніне деген ерекше қызығушылық Әбунасырға желілік олимпиада тапсырмаларын орындауда көмектесті.

– Кез келген сайыс үшін жарқын дайындық пен тығылықты ізденіс қажет. Олимпиада тапсырмалары түрлі деңгейде болды. Әсіресе ғалымдардың ашқан жаңалықтарына қатысты сұрақтарға жауап

беруге көп уақыт жұмсады. Мұндай сайыстар оқушылардың жеке дамуына, жаңа білім мен тәжірибе алмасуына септігін тигізеді, – дейді сайысқа қатысушы Әбунасыр Әмір. Пәндік олимпиадалардың тұрақты қатысушысы Камилла Жөнісбаева мен Мәриал Ақишевә жеңіске жету үшін өздігінен дайындалуға кеңес береді. Сондай-ақ дайындық барысында пән бойынша тақырыптарды қамтып, теория мен практикалық білім артыру керектігін айтады. География бағыты бойынша желілік сынақтан өткен қос ару жақсы нәтиже көрсетіп, мектеп қоржынын жаңа медальмен толықтыруға ұмтыл. Ал 9 сыныптың білім алғушысы Бақдәулет Сәбитұлы мұндай сайысқа алғаш рет қатысып, информатика бағытында өз білімін тексерді.

Болашығын алдыртатын технология саласымен байланыстыруды жоспарлайтын зерек жас мамандық таңдауда олимпиадалардың қосар үлесі зор деп санайды. – Сынақ тапсырмасы күрделі болды. Информатика өзге ғылымдардан қиынырақ деп айта аламын. Бүгінгі белгілі бір шеһмді табуда идеяны тұқырдымал, код жасай білу керек. IT саласының болашығы мол, сондықтан келешекте IT мамандығын меңгеруді көздеймін. Бақдәулет Сәбитұлы. Олимпиадада 32 қызылордалық зияткер оқушы мектеп намысын қорғауда. Өткен жылы командалық білім досында 4 күміс, 3 қола медаль иеленді. Қатысушылар был да жеңіс тұрғынан көрініп, үздіктер қатарынан табылу үшін барлық күш-жігерін салуда. Алдағы күндері қатысушылар гуманитарлық бағытта сынға түседі.

ДИРЕКТОРЛАР ЛИГАСЫ

Қызылорда облыстық білім басқармасының қолдауымен алғаш рет директорлардың TEDx форматтағы кездесуі өтті. Басқосуға қала және барлық аудандардан 20-ға жуық мектеп директоры қатысты.

TEDx алаңында 4 спикер білім саласын басқару жүйесіндегі қиындықтар мен менеджментті қасиетті дамытуға арналған жаңа кестілермен бөлісті. Айталық №101орта мектептің директоры Айгүл Өткелбаева «Стратегиялық брэнд менеджмент» тақырыбын қозғаса, №140 орта мектеп директоры Айгүл Мұсабаева «Мектептегі венчурді дамыту» әдісімен бөлісті. Ал №278 мектеп-лицей директоры Эльмира Азатбаева «Мұғалім арасындағы матрицалар мен анықтауыштар» тақырыбында тәжірибесін ортаға салды. Соңғы спикер №261 орта мектеп директоры Қарлығаш Әбдірахманова «Мектептегі PR менеджмент» енгізудің жаңа әдісін тарқатты берді.

Еркін ой алаңында облыстық білім басқармасының басшысы Ақжүзі Қалмақова білім саласындағы жаңа формация алға шыққан уақытта мектеп директорлары тың талапқа сай жұмыс жүргізу керекін алға тартты. Сондай-ақ әрбір мектеп басшысы менеджерлік дамуға қарай бет түзеіп, ұжымды басқарудың жаңа тегіне қарай әрекет ету керекін айтты. TEDx соңында мектеп директорлары кері байланыста пікір алмасып, тәжірибе бөлісті. Алдағы уақытта директорлардың білімнен бөлісу алаңы жиі ұйымдастырылып, спиральдік жүйе арқылы дамиды. Серіктес директорлар білім беру ісіндегі өзін тәжірибе мен жаңа идеяны іске асырады. Бұл үшін облыстық іс-шаралар жоспары бекітіледі.

Перизат АМАНКЕЛДІҚЫЗЫ



Өркен СЕЙДАХМЕТОВА, «ORKEN'S» сұлулық студиясының директоры:

ЕШКІММЕН БӘСЕКЕЛЕСПЕЙМІН

Әйелдердің тек ішкі ғана емес, сыртқы сұлулығы да маңызды. Өйткені трансформация адамның өзіне деген сенімділігін күшейтіп, сәттілікке жетелейді. Сондықтан сұлулық индустриясы жыл сайын дамып келеді. Облыс көлемінде де осы бизнесті бастап, өз ісін дөңгелетіп отырғандар жетерлік. Соның бірі – «ORKEN'S» сұлулық студиясының негізін қалаушы, мастер-инструктор Өркен Сейдахметова.

– Оқырманға түсінікті болу үшін, өзіңіз жайлы айтып өтсеңіз?

– Бала күнімен еңбекке жақын болдым. Оныңшын сыныптан бастап жұмыс істедім. Үйдегілерден ақша сұрамайтын едім. Қиындау кезімнен еңбектеніп, қиындауларды көргеннен кейін шынығады екенсің, Ата-анам «ешкімнің ала жібін аттама, білімнің жетілдір, қорықпа, ер-азаматтың алдың кесіп өтпе» деп тәрбиеледі. Күн-түні жұмыс істеумен қатар мектепте де үздік болдым. Осылайша Қорқыт ата атындағы университетке грантқа оқуға түстім. Ол жақта информатика мамандығында білім алдым. Оқуды тәмамдаған соң, облыстық әкімшілікке жұмысқа орналасып, ол жақта жеті жыл қызмет атқардым. Осы жұмысыма байланысты мамандығымды ауыстыруға тура келді. Сосын Алматы қаласында экономика университетінде тағы да білім алдым.

– Облыстық әкімшілікте мамандығы бойынша жұмыс жасауға не кедергі болды?

– Облыстық әкімшілікте демалысыңыз жұмыс істедім. Кейде түсі асқа да шыға алмайтын күндер болды. Қандай тапсырма берсе де кейінге қалдырмай, сол мезгілде бітіруге тырыстым. Сондықтан мен де қызмет жолында көтеріліп, еңбегімнің бағаланғанын қадағдым. Себебі мен шаттан тыс қызметкер болсам да, толықтай бір бөлімнің жұмысын атқардым. Солай барлығын меңгеріп алдым десем де болады. Осылай «мен неге көтерілімшімін, неге шатқа кіріп маман болмақпа» деп, өзімді өзім көтеріп, тастап тастарым деген шешімге келдім. Күн-түні тығымдылықты дайындап, бес-алты рет тапсырып, одан өттім десем де болады. Ол тест ешқандай да тағыс дегенге қарамайды, өзіңнің біліміңмен ғана тапсырасың, 125 сұрақтан тұратын тесттің 120 сұрағына дұрыс жауап бердім. Бір тапсырма, екі тапсырма, солай бірнеше рет тапсырып құлай бердім. Жоғарылау мүмкін болмады. Менде ол жаққа кіру үшін тағыс та болмады. Бірінші кездері практиканттар секілді жүрдім. Жаңағыдай көп жұмыс жасаймын, алайда олардың 60 мың теңге, тіпті сыйақының өзі өте төмен болды. Ол жұмысты мені ешкім бағаламады. Мен осыдан кейін ойлаған бастадым «Мен неге бұлай жүріп керек? Мені бағаламайтын жерде жүргенше, өзіме ұнайтын жерде, халыққа жұмыс жасайын» деп шештім. Бастыққа жұмыстан шығу туралы әріс жаздым. Ол жақтан кету мен үшін қиын болды. Жеті жыл жұмыс істеген жерім, әріптестерім бауыр басып қалыпты.

– Қалай маникюр мастері болдыңыз?

– Әзімдіктің жұмыс маған арналғанын түсініп, өзіме жақын, жақсы көретін іспен айналысым келді. Өзіме әдемі болып жүрген ұнайды. Алта сайын маникюр жасатушы едім. Солай қолым тіле қалса, Instagram әлеуметтік желісінен маникюр туралы көп қызыға бастадым. Негізі мектеп көзінде сурет, сызу сабағын жақсы

оқыдым. Соның әсері болар, маникюрге қатты қызықтым. Түрлі мастердің сабағын қарап, жаттай бастадым. Бір күні облысқа Алматыдан мықты мастер келеді дегенді естідім. Ол мастердің есімі – Саня екен, өзім әлеуметтік желіден қарап жүрген мастер болып шықты. Ол кісінің жұмысы, тазалығы мені қатты қызықтырып, қызыға жазылдым. Сонымен не керек, түсі үлгісі уақытында, қолым босаған уақытта тиіп-қашып, курса барып жүрдім. Курс он күн болды, менімен бірге тағы екі қыз оқыды. Ол курс орысша жүргізілді, бірақ мен орысша білмейтінмін. Ал қасындағы екі қыз орысша жетік меңгерген. Бес күн теориямен жұмыс жасадық. Теорияда тиысылармен жұмыс істеп, суреттер салатынбыз. Сол бес күнде мастерге ұсынғыс жасап, «модель шығырып, практикамен жұмыс бастайық» деп өтініш айттық. Бірақ модель келген күні өзім қатты ауырып, мазам болмады. Соған қарамастан жауапкершілікті өзімнің, модельмен жұмысымды бастағанда ауырағымды ұмытып кеттім. Сол кезде мастер таңғалып: «бұл қалай, менің сабақты орысша жүргізгеніме қарамастан, әдемі қылып жасадыңыз? Өте керемет шыққан» деді. Шынында, орысша өздеріне түсінбесем де, интернет арқылы бейнежазбаларды қарап дайындалатынымын. Содан бастап өзіме деген сенімділік арта бастады. Айлығымды үнемдеп жұмсап, ақша жинап маникюрге керек заттарды сатып ала бастадым. Сол алған ақшаның заттармен төтеме, көршілеріме маникюр жасап, қолымды үйреттім. Алайда олардың ақша алған емеспін. Осылайша маған көпшілер көбіне бастады. Арада біршама уақыт өткен соң, жұмысым алға басып, табыс өкеле бастады.

– Сан салонның ашымын деген ойыңыз болды ма?

– Мен облыстық әкімдіктен шығамын деп ойламадым, тек қана қосымша табыс көзін істеймін дегенмін. Бірақ жылғыа бір рет берілетін кезекті демалысымда көріс салонына бардым. Оны өзімнің мастерім ұсынған. Салонның иесіне уақытша ғана жұмыс жасау алатынымды айтты, сол жақта жұмысымды бастадым. Онда маған қиын болды. Себебі бірыңғай орыстар жұмыс жасайтын жер, клиенттер де орыстар, «қалай сөйлесем, айтқанына түсінбей қалсам не болады?» деген ұрей болды. Өз кәсібін білген, жақсы көрген адамға еш нәрсе кедергі бола алмайды екен, Менің жұмыстарым бастықтың көңілінен

шығып жүрді. «Жұмысыңыз керемет екен, рақмет, бақытты бол!» деген алғыс, бағаларынан өзіме күш қуат алдым. Сол кезден қазірге дейін әрбір клиентке аса бір жауапкершілікпен, сыйластықпен қарап келемін. Салонның жұмысы үнады және табыс қаржы болған соң, облыстық әкімдіктен шығамын деп шешім қабылдадым. Салонға жұмысқа барғанда да бәрі керемет бола қойған жоқ. Мені «қазақ» деп менсінбей, көре алмайтындар болды. Бірақ мен оларға назар аудармадым, тек өз жұмысыммен ғана айналыстым. Мен өз-өзімді дамыту үшін Тараз, Астана, Алматы қаласына барып, мастер-класстан өттім. Содан салон иесі де менің қалудымды өтініп соң әрі өзіме де ұнағандықтан сол жерде бір жыл жұмыс жасадым. Салон иесі орталықты сатып, басқа жерге көшіп кеткен соң салонды өзім алып қалайын деп бар күшімді салдым. Алпаңық қолдауыммен салонды өзім алдым. Шүкір, үш жыл болды, қазір жұмысым табысты.

– Командаңызды қалай жинадыңыз? Қызметкерлердің қандай артықшылығын өскере отыра жұмысқа қабылдайсыз?

– Мастерлерді жұмысқа қабылдағанда алдымен олармен сөйлесіп аламын. Басқа басшылар секілді «Нешедескі? Үйленгенсің бе? Балаларың бар ма?» деген сұрақ қоймаймын. «Қанша уақыт оқығансыз? Қай жерлерде жұмыс істедіңіз? Тренеріңіз кім?» деген тәрізді сұрақтар қоямын. Мен үшін осылар ғана маңызды. Мастер маман өзінің жұмысын жақсы көретін көрсете білу керек. Сосын, ең бастысы, «өзіңіздің тұрақты тұтынышыңыз бар ма?» деп сұраймын. Себебі оның клиенттері болса, ол мастер өзін таңыта алған бердім, ақшасын алдым, болды» деген ой болмауы керек. Бір күндік ақшаны ойламау керек. Кейде бізге көпшілердің қаржысы жеткіліксіз болуы мүмкін. Мен он кезде өз айтқан бағасына жасап беремін. Себебі маған олардың қаржысына қарағанда рақметі мен батасы маңызды.

– Сұлулық салонның бастысы болудың қиындығы бар ма?

– Қазіргі сұлулық салондарының 80 пайызы салонның негізін қалаушы директорым деп санайды. Яғни тек статусына

қарайды. Менің ешқашан салонның басшысымын деп арқа керген кезім болмапты. Себебі қарапайымдылықты, танертеннен көше дейін клиенттермен жұмыс жасағанды жақсы көремін. Мен жұмыста жауапкершілік, әділдік, тазалық болғанын қалаймын. Кейбір салон басшылары салонға келіп, мастерлеріне тегін қолмайт. Ақшасын жинап қайтады. Клиенттермен де, мастерлермен де шаруасы болмайды. Ал мен керісінше, оларды түсінуге тырысамын. Сосын клиентке де, мастерде де әділдік болу қажет. Менің әрбір уақытым жоғарыланған. Туысым, досым, жай ғана клиент болсын, маған бәрі бірдей. Танымайтын клиентім жазылып келіп тұрып, бір туысым келіп қалса, мен туысыма күте тұрыңыз деймін. Кейде таңғы 4-5-ке дейін жұмыс жасаған күндерім болды. Қазір салон директоры да, администраторы да, тазалықшысы да өзімнің.

– Кәсібіңізді дамыту үшін мемлекет тарапынан көмек берілді ме?

– Салонды ашуға ешкім қолдау көрсетпеді. Негіз адамдардан ешқандай көмек күтпеймін. Себебі әр адамның өз шаруасы бар. «Менің қолымнан келеді, мен барлығын жасай аламын» деп өзіме сенемін. Бір істі бастасам аяғына дейін аламын. Бұл менің үлкен жетістігім деп ойлаймын. Өзіңнің еңбегіңмен келген табысқа ешнәрсе жетпейді. Егер маған мемлекет тарапынан, ата-анам, туыстарым тарапынан қолдау көрсететін болса, мен кәсібі маман болып шықпас едім. Кәсібі маман өз еңбегімен, білімімен ерекшеленеді. Негіз ешнәрсе оңайлықпен келмейді екен. Мен салонды алағанда бақыты дайын, жұмысымды бірден бастап кетем деп ойладым. Бірақ салон тұрған жерді көргенде таңғалдым. Қабырғаның көбі құлаған. Сондықтан жөндеу, жиһаздарға тапсырыс беру үлкен еңбекті, қаржыны қажет етті. Сонда да қорықпай, жоқтан бар жасап, жөндеп алдым.

– Сізді көбісі нәзіл-тренаер ретінде таниды. Өзіңіз өткізетін мастер-класстардың ерекшелігі неде?

– Қазіргі көптеген мастер шеберлік сағатын топпен жүргізеді. Он-он бес қызды жинап алып, екі-үш күн түсіндіреді де, қолына сертификат ұстата қояды. Ол қыздардың біреуі ғана бұл істі толық меңгеруі мүмкін, бірақ барлығы біліп шығады деп айта алмаймын. Негізінде мұндай сабақтар жеке

өткізіліп, қатысушының әр жұмысы қадағалану керек. Мен шеберлік сағатын өткізгенде адамдарды бір апта бойы жеке оқытамын. Сол бір аптада емтихан аламын. Егерде емтихан тапсыра алмаса, бәрін қайтадан тегін үйретемін. Сосын тағы емтихан аламын. Содан кейін ғана сертификатты беремін.

Мен бірде 6 сынып оқыған оқушы қызды апта бойы емес, бір ай танертеннен көше дейін оқыттым. Қазір, Алпаға шүкір, әке-шешесі маған алғысын айтып отыр. Өйткені мен ол қыздан нәтиже шығардым. Көбі кішкентай деп айтқанмен, ол қыздың қабілеті болды.

– Сан салондары арасындағы бәсекелестік туралы не айтасыз?

– Менің ойымша, бәсекелестік өз ісін толық білмейтін, өзіне сенбейтін адамдарда болуы мүмкін. Мен ешкіммен бәсекелеспеймін. Себебі өз ісімді толықтай білемін. Алайда кәсіпкер үшін бәсекелестік қажет, өйткені одан сапа арта түседі.

– Өрі қарай да осы сала бойынша қызмет жасайсыз ба?

– Сан салонын жауып тастаймын деген ой мүлдем болмапты. Керісінше, оны күшейтіп, өзімнің жеке ғимаратымды сатып алып, дамытқым келеді. Алдағы уақытта тек облыс бойынша емес, республика көлемінде өз брендімді қалыптастырғым келеді.

– Өткен жыл өл үшін оңай болмағаны анық. Сіз үшін несиені есте қалды?

– Былтыр маған маскеулік Анна Романова деген мастерден ұсыныс түсті. Сол жақтан оқып келіп, олардың аймақтағы серіктесі болыма керек еді. Менің оғаным да Мәскеуде оқу болды. Сол мақсатыма жету үшін Мәскеудегі мастерлердің онлайн курсына қатысып, білімдік жетілдірдім. Бірақ ешқашан ол тараптан ұсыныс түседі деп ойламаппын. Өткен жылы мамыр айында сол жаққа барамын деп жоспарлады. Пандемия сапарынан бұл жоспар кейінге қалды. Бірақ болашақта баратыным сендім.

– Үнемі әдемі қалыпта, жарқырап жүргісі келетін қыз-келіншектерге берер кеңесіңіз?

– Сан салонның бару, сұлу болып келу – қате пілр. Адам үйде де сұлу болып жүре алады. Өйткені қазір заман дамыған, қымбат кремерлерді, бопуларды алмай-ақ үйдегі көп жетімді заттармен бітте күтім жасауға болады. Мысалы, салонға барып, отыз-елу мың теңгеге шығындауы мүмкін. Бірақ одан сұлу бол кете алмайсың. Ең бірінші адам өзін жақсы көру керек. Сол кезде ғана жарқырап, әдемі бола бастайды. Біз әйел болған соң барлығына үлгеруіміз керек. Ешнәрседен қорықпау керек. Мен жасаған дүниені сіз де жасай аласыз.

– Мотивацияны қайдан аласыз және өзгелердің ойын қалай қабылдайсыз?

– Мотивацияңыз өз-өзімен, көпшілерден аламын. Шын мәнінде, үлкен кісілерден алған бата мен туынушылардың осыған ештеңе жетпейді. Мені біреудің өмірі, ойы аландатпайды.

Жансая ТІЛЕУ

ISKER

ОТАНДЫҚ ӨНІМ – «БЕРЕКЕ»

ЕСЕПШІДЕН КӨСПЕЛЕРЛІККЕ

– Негізгі мамандығым – қаржыгер. Түрлі мекемеде қасир, есепші, экономист қызметін атқардым. Экономика саласына жақын болған соң, мемлекетті сатып алу жүйесін де жақсы білемін. Бұл жүйеден қай тауарға сұраныстың жоғары екенін байқауға болады. Бір күні мекемелердің кір сабына сұраныс бергенін, бірақ оған қатысушылардың аз екенін байқадым. Одан қалды мемлекеттік тапсырысқа қатысушылардың көпшілігі тауарды Ресейден алатынын байқадым. Содан ойлана келе кір сабын шығаруға бел будым. Мақсатымды жүзеге асыру үшін Кәсіпкерлер палатасының мамандарымен ақылдасып, «Бизнес-мектеп» құрылымы бойынша біліктілігімді жетілдірдім. Бизнес-жоспарымды да палата мамандарымен жан-жақты зерттеп өзірледі. Осылайша өткен жылы облыстық Кәсіпкерлік және туризм басқармасы ұйымдастырған «Бизнесің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы грантка қатысып, 2 млн теңге қаржы ұтып алдым. Бірақ қаржы менің жобамды толық жүзеге асыруға жетпеді. Ұтып алған гранттық қаржыға өз қаражатымды қосып, шағын кір сабын шығаратын цех аштым. Сабының атауын әр шаңыраққа құт-береке әкеліп деген ниетпен «Береке» деп қойдым.



МАҚСАТ – ОТАНДЫҚ НАРЫҚТЫ ҚАМТУ

– Негізгі цехтың құатылығы күніне 1500 данаға дейін сабын шығаруға қауқарлы. Өзірге нарықты толық зерттеп алу үшін сабынды тәулігіне 500-600 данадан шығарудамыз. Оны жергілікті саудагер мен дүкен иелерімен келісіп сатылымға шығардық. Өзірге сұраныс жоғары. Бірақ біз жұмысқа тоқталмай, жаңын аудандарды, қызылорда қаласын қамту да жоспарда бар. Сабының ғамы қарай, бағасы да өседі. Сабындар көлеміне қарай 3 түрге бөлінеді. Кір сабын шығаруға қажетті шикізаты Түркістан қаласынан аламын.

КІР САБЫННАН СҮЙІК САБЫНҒА

Көпшілік кір сабын шығару өндірісі оңай деп ойлайды. Негізіне бұл кәсіптің бейнәті көп. Ол үшін төзе білу қажет. Дәл қазір кір сабын шығарумен шектелмей, сұйық сабын шығарудың тиімділігін зерттеу үстіндеміз. Түсінгенім, көршілес Ресейде сабын өндірісі біршама дамыған. Қажетті аппарат, шикізаттың барлығы да осы елден шығарылады. Сұйық сабын шығаруға арналған бір аппараттың құны – 2 миллион теңге. Күрделілігіне қарай бұл баға өсе береді. Алдағы уақытта сабын шығару өндірісін жолға қойып, нарықтық сұранысқа жауап беретіндік қасиеті дамытуға бар күш-жігерімді саламын, – дейді Асылхан.

Айгүл ӨЛШЕБОВА



Бүгінде кәсіп бастаған жастардың қарасы қалың. Оған мемлекеттік қолдаудың да көмегі зор. Мәселен, Жалғаш суданушының тұрғыны Асылхан Болмаханов мемлекеттік гарант иегері атанып, тұрмыстық кір сабын шығарға бастады.



**Роза ҚАРАТАЙҚЫЗЫ, «Сыр барысы», «Әлем барысының» қола жүлдегері
Мақсат Исағабұловтың анасы:**

БАЛАМ КҮРЕСКЕН СӘТТІ ҚАРАЙ АЛМАЙМЫН

меңгерушісі Алтынқұл тәте таңғы бес-алтының шамасында бөлмеге келді. Маған қарап "мені ұйықтатпадыңдар ғой, бүгін ер бала босанасың, ол бала алтын айдарлы ерекше бала болады, атын Марал деп қоясың" деді. Айтқандай, дүниеге ер бала, үлкен ұлым Мұхтарымна серік болып Мақсатым келді. Есімнің әкесі мақсатына жетсін деп ырымдап қойды. Марал әулиенің есімі ауыр болар деп осылай ұйғарды, – деп бастады әңгімесін Роза Қаратайқызы.

Өмірге осындай аянымен келген Мақсат бала күннен спортқа жақын есіпті. Ағасымен бірге қораға турник орнатып, футбол ойнап, күрес секциясына қатысып, ауылдың өзге қарадомалақтарындай желмен жарыса жүгіріпті. Баланың сол кездегі алғашқы жеңісін де анасы қуана еске түсірді.

– Баламның алғашқы жүлдесі оқушы портфелі еді. Сонда бәріміз қуанып, қайта-қайта суретке түстік. Ол кезде Мақсат кішкентай, бесінші сыныпта оқитын. Ағасы сияқты тәртіпті болды, мас адам мен милициядан қатты қорқатын (күліп). Бүгінде ұлым Алланың қолдауымен және жаттығу еңбегінің нәтижесінде самбодан әлемнің қола жүлдегері, қазақ күресінен Азия чемпионы, бірнеше дүркін Қазақстан чемпионы, Сыр барысы және Әлем барысының күміс жүлдегері атанды. Бұл жеңістің бәрі балмері Болат

Кенеевтің еңбегі мен жанкүйерлерінің, халық тілегінің арқасы ғой, – дейді Мақсаттың анасы.

Роза Қаратайқызы жолдасымен Алматы қаласында білім алып жүрген кезде отау құрыпты. Биыл мерейлі отбасыға 40 жыл толады. Айта кетейік, дүниеге екі қыз (Динара, Әсел), екі ұл (Мұхтар, Мақсат) әкелген аяның ел таныған тағы бір баласы бар.

– Нұрым Сәлімгерей – қазақтың бағына біткен мықты палуанның бірі, Мақсаттың досы. Екі баланың тілеуін бірдей тілейміз. Кейде бір-бірің сағынса тұн жарымында үйге келіп тұрады. Мен аналық жүрегіммен екеуін «егізім» деп атаймын. Бірде үйдеп қонақтарға «мынау егіз балам» деп таныстырсам, бір кісі "біреуі неге ақсары, біреуі неге қара торы?" деп сұрайды. Мен "Мақсатты күндіз, Нұрымды түнде босандым" деп сендірдім (күліп). Баласы достың ата-анасы да жақын болып кетеді ғой. Нұрымның ата-анасы Сәлімгерей, Ләззатпен бірге балаларымыздың әрдайым жеңіс тұғырынан көрінуін тілейміз, – дейді жанашыр ана.



**Қадиша АБЗАЛҚЫЗЫ,
журналист, Qazaqstan ұлттық
арнасының Қызылорда
облысындағы меншікті тілшісі
Әділ Жахановтың анасы:**

СУ ЖАҢА ШАПКАСЫН БЕРІП ЖІБЕРІПТІ...

«Баламның мектепке барған жылдары өте қиын кезге тура келді. Қызметте айлап жалақы бермейтін кез. Жұмыста қысқарту жиілеген тұста Әділдің киімдерін зорға түгендеп жіберуші едік. Сол жылдары мектептен балалар үйіне көмек жіберетін. Содан мұғалім оқушылардан артық қалам, дәптер болса берулерін сұраған ғой. Сөйтсем балам басындағы кеше ғана өлгерген шапкасын беріп жіберді. Оны өзі білдіргісі келмейді, мен іздей берген соң амал жоқ айтты. Кішкентайынан осылай жұртқа жаны ашып, қамқор болғысы келіп тұратын...» Бір қызығы, осы жып-жылы естеліктегі кішкентай кейіпкер де, оның қамқор анасы да әлі күнге еш өзгермеген.

Қоғамдағы қай мәселеге де бей-жай қарамайтын журналист Әділбек Жахановтың анасы Қадиша Абзалқызымен тілдескенімізде ананың бәрі баласы үшін шыр-тыр болатынын жанымызбен түсіндік. Анығында, жоғарыда айтқан шағын ғана естелік сол тұстағы барлық аяның ойындағы уайым, «балама болсыншы» деген ақ тілеуі еді. Талай жыл. Жаңадария каналдар басқарысында, қалалық прокуратурада қызмет еткен Қадиша апай қазір зейнетке шыққан.

– Ешбір ана баласын жаман демеітін шығар. Сонда да менің балам – өзіме ең көрнекті ұл. Біз баламыздың зәңгіер болғанын қаладық, бірақ өзі футболшы болғысы келді.

Кішкентайынан соның соңында жүрді де, ойламаған жерден тілші атанды. Балам Әділ деген атына лайық деп ойлаймын, өте мейірімді, достарына адал, жақсы жар, жақсы әке. Балам болған соң мақтап отырғаным жоқ, шыңдығы солай, – дейді журналистің анасы. Қадиша апаның бұл сөзіне ешкімнің таласы болмасы анық. Қай тұста халық мәселе кетерсе, жанынан табылатын Qazaqstan ұлттық арнасының аймақтағы тілшісің жаңалық сүйер жұрт жақсы көреді.

Бүгінде немерелерінің қызығын көріп отырған бақытты әже баласы Әділ үшін әлі күнге алаңдайтынын да жеткізді.

– Ұлым ақ қар, көк мұзда сұхбатқа не жыйнап кеткенде, қайта оралғанша уайымдап отырамын. «Баласы атқа шапса, анасы тақымын қысады» деген даналық бекер айтылмаған, – дейді Қадиша апай.



**Базаркүл ЗӘКІРҚЫЗЫ,
Нағи Ілиясов ауылының әкімі Сағдат Нұрмағамбетұлының анасы:**

ҰЛЫМНЫҢ АЛЫСҚА КЕТКЕНІН ҚАЛАМАДЫМ

– Мамандығым медбике, денсаулық сапасында қырық жылдай еңбек еттім. Ал жолдасым Алматы қаласындағы КазГУ-де оқыған. Беріге дейін мектеп директоры, Нағи Ілиясов ауылының әкімі қызметін атқарды. Екеуіміз 1974 жылы шаңырақ көтеріп, төрт бала тәрбиеледік. Қазір 12 немере мен 2 шөберенің ата-әжесіміз, – деп сөз бастады Базаркүл Зәкірқызы.

Кезінде ана көңілі сүт кенжесі Сағдаттың алысқа кетіп, шет жерде білім алғанын қаламапты. «Хабар алмасуға жақын жер ғой, Қызылордадағы университетке оқуға

тапсыр» дегенде тәрбие көрген ұл шеше сөзін жерге тастамаған екен.

– Сағдат мектепте жақсы оқыды. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Содан болар балам әкесінің атына кір келтірер сөз ертен емес. Ең алғаш мемлекеттік қызметті Шаған ауылдық округі әкімі аппаратында жетекші маман болып бастады. Өз қызметін дұрыс, адал атқарғаннан болар, жаман аты шыққан жоқ. Барлық ата-ана баласы есейіп кетсе де, тілеуін тілеп отырды ғой. Мен де Сағдаттың әрбір күнінің сәтті өтуін тілеп, алаңдап жүремін, – дейді Базаркүл ана.

Ақ тілеулі аяның ниетінен болар баласы ортасында сыйлы, абыройлы қызмет атқарып келеді. «Қазақстанның барлық ауылы Нағидай болсын» деп Елбасы жоғары бағалаған ауыл да жыл сайын жаңара түседі...





Жұмағұл ОҢАРБАЕВА,
айтыскер, «Алтын домбыра» иегері Мұхтар Ниязовтың анасы:

МҰХТАР КЕРУЕТ АСТЫНДА КІТАП ОҚИТЫН

— Бала адамның бауыр еті ғой. Алпадан сұрап алған аманатымыз. Ал аманатқа қиянат жасау — күпірлік нәрсес. Ешкім баласының жаман болғанын қаламады. Елін, жерін сүйетін абыройлы азамат болғанын тілейді. Біз де сондай ата-ананың біріміз. Мұхтар бала күннен өлгезек, қарапайым, алғыр болды. Әкесі екеуміз оның ерекше қабілетін ерте байқадық. Үш жасында әліппені жаттап алды. Жолдасым екеуміз де жұмыста болған соң, Мұхтар атынның тәрбиесінде өсті. Атасы сөзге шешен, аузы дуалы кісі еді, ертегі-аңыздарды, дүгаларды жаттатты. Ақындық жолының алғашқы бастамасы осы болса керек. Мұхтар ата мектебтен өтті. «Жақсыдан шарапат» демекші, бірде мектебімізге Тұманбай Молдағалиев келді. Ол уақытта төртінші сыныпта оқитын Мұхтар ақынның «Туған жер» деген өлеңін нақышына келтіре оқығаны үшін Тұманбай Молдағалиев қаламсабын ұсынды. Мұның өзі баланың көңіліне үлкен із қалдырғандай болды. Мұхтар жетінші-сегізінші сынып оқып жүрген тұста аудандарлық оқушылар айтысына, мұшайрапарға қатысып жүрді. Бала күннен кітапты көп оқыды. Ол кезде ауылда жарық жоқ болса да, Мұхтар керуеттің астына кіріп, шамды жағып, жан-жағын көрпешімен жауып, кітап оқитын. Солай Мұхтар Әуезовтың екінші томын аяқтады, — дейді ана көңіл.

Жұмағұл ата жолдасы Меулен Ниязовпен арман қала Алматыда танысты.

— Ол кезде жолдасым Меулен ауылшаруашылығы институтының агрономия факультетінде, ал мен Абай атындағы педагогикалық институттың филология факультетінде білім алдым. 1982 жылы екеуміз шаңырақ көтердік. Жолдасымның мамандығы агроном болса да, әдебиетке ете жақын. Бала күнінде Мұхтарға Абай өлеңін жаттатықпыз, мұшайрапарға өзі апарып жүретін. Әрбір

ата-ана баласының еліне елеулі азамат болғанын қалайды ғой, бізде балаларымыздың жақсы азамат болуына қолдан келгенше бар жағдайды жасадық. Баласы елдің мұң мұқтажын айта білетін, ұлтын сүйетін азамат болып қалыптасу үшін ата-ана алдымен өзін тәрбиелеу керек сияқты. Себебі уада не көрес, үшінше оны ілесіп дегендей, әкесі екеуміз халықтың салт-дәстүрін сақтап, асыл қасиеттерді бойымызға жинап, балаларымызды адамгершілік пен имандылыққа, сабырлы болуды үйретуге тырыстық. Мұсылманның пәрізын орындап, иман байлығын жинап жүрген жандармыз. Сондықтан балам айтысқа шыққанда дұғада боламыз. Жәңсе — қуанамыз, орын алмаса да шүірлік етеміз. Өрне пендеміз ғой, кейде толқимыз, қорқыныш та болады. Бірақ әуелі Алла, содан кейін өзіне сеніп отырамыз, — дейді ақынның анасы.

Жоғарыда Жұмағұл апаның талай жыл шәкірт тәрбиелегенін айттық. Кезінде оқушыларына сапалы білім беріп, биіктерден көрінуіне күш салған ұстаз қазір де бала тәрбиесінен алыстаған емес.

— Қазіргі қызметім — Құдай берген Мұхтардан алты немеремді, Мағжаныман Раміз өсімді немеремді бағып, тәрбиелеудемін. Мектепте оқитын немерелерім Әбдуғалим, Әбдурахим, Хадиса — оқу озаты. Әбдуғалим немерем — қаратз до спорт түрінен Қазақстан Әлем чемпионы, Әлем кубогының иегері, спорт шеберлігіне үміткер. Осылардың көпестігінен үлкен үміт күте отырып, қал-қадырымыз жеткенше тәлім-тәрбие берудеміз, — дейді ақкөңіл ана.

Бүгінде «Айтыстың ақтанғері» атанған Мұхтар Ниязовтың о баста дәрігер болғысы келгенін екінші бірі біле бермейді. Биология пәнін тандап, бірақ оқуға түсе алмай қалған ол дайындық курсына жазылған тұста Шиеліде облыстық айтыс ұйымдастырылыпты. Сонда ауылдағы мәдениет бөлімінің директоры Райкүл Карменова Мұхтарға «айтысқа қатыс» деп қолқа салған ғой. Қас қылғанда мектепті енді ғана бітірген бозбала келіспей қойыпты. Содан ол кісі Мұхтардың ата-анасына келіп «ұлыңызға айтыңызшы» деп өтінген соң, «Балам, бағыңды сынап көр» деп қоярда қоймай Мұхтарды айтысқа апарған екен. Содан бастап Мұхтардың сөз аламыны деген көзқарасы өзгеріп, ерекше ынтамен дайындала бастапты...

Ақынның анасы Жұмағұл Оңарбаева Жалағаш ауданы, бұрынғы Ақарық, қазіргі Есет батыр ауылындағы №124 орта мектепте 35 жыл қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі қызметін атқарған. Содан бөлек бала тәрбиесіне ерекше мән береді. Ұстаздық қызметі үшін «Қазақстан оқу ағарту ісін үздігі» төсбелісімен және жоғары дәрежелі мұғалім ретінде зейнетке шыққан Жұмағұл апамен тілдескенімізде ақынның тұлға болып қалыптасуына отбасының ықпалы зор болғанын түсіндік.

ЕСЕЙІП КЕЛІСЕМ ДЕ, МЕН САҒАН СӘБИМІҢ...

— Алло, сәлеметсіз бе! Қалыңыз қалай? Сізге «Ақмешіт жастары» басшылығынан хабарласып тұр едік..
— Иә, қызым, тыңдап тұрмын, — дейді ана дауысы.

— Көктемнің шуақты мерекесі қарсаңында өзіңізбен тілдескіміз келген еді, — деймін мен.

— Рас па? Мәссаған! Бұл бір қызық болды-ау өзі!

Әңгілеміз ө дегеннен-ақ аналар таңданысымен қоса ана-көңілдің шынайы ықылас пейілін, балаларына деген қамқорлығын, аналық мақтаншылық тудығаны телефон тұтқасының ар жағында тұрса да бізге айқын сезілгендей.

Әдетте елге танылған жастарды басшыым бөті жиі жазсады. Бірақ олардың тілеуін тілеген анасының оты айтыла бермейді ғой. Осыны ескеріп, қоғамшыла жастардың анасымен арнайы әңгіме өрбітік.

Бетті дайындаған
Гүлдіана
ЖҰМАДИНОВА

Захара ОРНАЛИЕВА, суретші, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Дәулетбек Ділдобековтың анасы:

КЕНЖЕ ҰЛАЫҢ ОРНЫ БӨЛЕК

Дәулетбек — отбасында бес баланың сүт кенжесі. Анасы Захараның айтуынша, әкесі ұлын барынша еркелетіп өсіріпті. Бала күнінде Дәулетбек үйдің барлық қабырғасына, ағаларының сабақ дәптеріне, одан қалды өзінің аяғынан бастап бүкіл денесіне сурет салып шығады екен... Осы әдемі естелікпен әңгімесін бастаған Захара апай кенже ұлдың бала қылығы мен бүгінгі жетістігін мейірлене айтты берді.

— Отбасыммен студенттік жылдары танысып, отбасын құрдық. Ол құрылыс мен білім беру саласының маманы болып, қызмет еттік. Бес ұлымызды бағып қаттық, әрқайсысының тұлға болып қалыптасуына көңіл бөлдік. Әрдайым адал болуын, өзге кісінің ала жібін аттамауын құлағына қылып өсірдік. Балаларымыз әрқайсысы бір тәбе, дегенмен кенже ұлдың орны бөлек, — дейді Захара апай.

Жүзі мейірімді, жүрегі жылы ананың бала тәрбиесіндегі еңбегі еш кеткен емес. Бүгінде бес ұлы әрқайсысы өз саласында абыройлы қызмет етуде. Осы орайда жасылуына жаны жақын Захара апайдың бала бойындағы қабілетін танып, қолдау көрсетуі келіме ұлп боларлықтай.

Дәулетті бала күнінде сөзге де шебер болды. Кішкентай баладан күтпеген мағыналы сөздерді айтып отыратын. Бастапқыда оның сурет салуын балаға тән қызығушылық деп ойладық. Ұлымын бойындағы бул қабілеттің ерекше дарын екенін бес жасқа толған шағында байқадық. Отбасымызбен кешкі ас ішіп отырған бір күні Дәулет қолына қағазы мен қаламмен алып, әкесіне жүгіріп келді. «Пәте, сіз қозғалмай отырыңыз, мен қазір одаң суретіңізді саламын» деп жұмысына кірісіп кетті. Бізміз антарыла қарап отырмыз. Балам беріле сурет салып

жатыр, әкесі мен ағалары Дәулеттің бул қылығына күліп қояды. Бес жасар баладан қарапайым ғана нәтиже күтесін ғой. Біраздан соң Дәулет сурет салған қағазын бізге берді де, өзі ойнап кетті. Бәріміз суретке қараймыз. Өз көзімізге өзіміз сенбей қайта қараймыз... Қағаздағы бейне әкесінен аумайды. Сол сәттен бастап әкесі Дәулетке сурет салатын қағазы мен түрлі-түсті бояуын әкеліп беруді әдетке айналдырды. Балам мектеп жасында да түрлі сурет байқауларына қатысып жүрді. Алғаш қызығушылықпен салған Қожа Ахмет Яссауидің кесенесі бейнеленген суретті байқауда көрген бір көрермен арнайы іздеп келіп, ақсын төлеп алып кетті, — дейді Захара апай.

Бүгінде суретші Дәулетбектің қолтаңбасын көпшілік жазып таниды. Сыр өңіріндегі сурет өнерінің елге танылуына еңбек еткен оның әр туындысынан анасының кенже ұлға деген мейірімі сезіліп тұратын тарады...

Гүлсім ЖҮНІСОВА, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының иегері, журналист Рауан Мыңбаевтың анасы:

БІЗДІ ЕРЕКШЕ ҚҰРМЕТТЕЙДІ

«Ұлым үшін ерекше толқыған мына сәт есімнен кетпейді. 7 сыныпта ұстаздары Желтоқсан оқиғасына байланысты ұйымдастырған Іс-шараларға Рауанды да қатыстырды. Бул оның көпшілік алдына алғаш шығуы еді. Қайрат Рысқұлбекөвтің релін сомдайтын ұлым қайтар сөзін ұмытып қалып, ұстаздарын ұятқа қалдырмас па екен?» деген қорқынышпен жүрдім. Бірақ Рауан сахнадағы релін бір деммен жоғары деңгейде орындап шықты. Ұстаздары дән риза. Содан кейін Рауан қоғамдық жұмыстарға қатысуына, мен қазір одаң суретіңізді саламын» деп жұмысына кірісіп кетті. Бізміз антарыла қарап отырмыз. Балам беріле сурет салып

және тележурналистика саласындағы аға-әкелері, әріптестерінің көп көмегі тиді. Олар ұлымның мүмкіндігіне сеніп, үміт артты, — дейді Гүлсім Жүнісова.

Гүлсім апай жолдасы Ерузәкпен Семейде білім алып жүрген тұста танысып, отау құрыпты. Біраз уақыт жұмыс бабымен Алматы облысында тұрған соң, Рауан Ұзынағаш ауылында дүниеге келіпті. Ал атұстарлары екі жасқа толғанда жас отбасы туған жерге оралған екен.

— Әкесі екеуміз Рауанның заң саласында қызмет еткенін қаладық. Бірақ оның таңдауы

журналистикаға түсті. Ұлым бізді ерекше құрметтейді. Бул мінезі әкесіне тартқан. Жолдасым да ата-анасының қас-қабағына қарап, қолынан келгенше сый көрсететін. Сол тәрбиені көріп өскен ұлым үлкенге ізет көрсетіп, қолынан жанжылмай келеді. Әке мен ана үшін ең жақсы сый осы ғой. Бул қасиетін баламыздың тәрбиелі, үлгілі, өнегелі азамат болғаны деп білемін. Алақанға салып, мәлелеп өсірген ұлымыз болған соң, алған бағытынан таймаса екен дейміз. Мен үшін ұлымның ортасына сыйлы, абыройлы болып, аман жүруі қашанда маңызды, — дейді ана көңіл.



— Рауан бала кезінен әдебиетке, өнерге құштар болды. Мектепте түрлі іс-шараларға қатысып, жүргізушілік қырынан танылды. Ұлкен сахнаға шығып, өнер саласындағы ұстаздарының өнегесін алды. Нартай Бекежанов атындағы облыстық драма театрында, облыстық филармония, қалалық мәдениет үйінде конференция қызметін атқарды. 17 жасында қарашыңырақ «Қазақстан-Қызылорда» телерайонына жұмысқа орналасты. Осылайша біржолта тележурналистика әлеміне ауысты. Біз оның жақсылығына тек сөзбекерміз. Негізінен баламның болашағына Сыр өңірінің мәдениет

Өрине, күллі әлем көз тіккен футбол – ең тамаша спорт түрі. Бірақ осы аяқдоптың айналасында адам жанын түршіктіретін оқиғалардың жиі болатынын байқаған шығарсыз?! Жай ғана ерегіспен басталып, кейде адам өлімімен аяқталып жататын осы қақтығыстардың басы-қасында футбол бұзақылары жүреді.

ФУТБОЛ БҰЗАҚЫЛАРЫ ҚАЙДАН ШЫҚТЫ?

Футбол бұзақылары дегеніміз – қоғамдық тәртіпті жиі бұзатын, өз әрекеттерін аяқдопқа деген өзге құмарлығымен ақтап алуға тырысатын топ. Өз қозғалысын субмәдениет санайтын бұл қауым елден ерекшеленіп тұруға тым құмар. Жалпы жанкүйерлердің бір-бірімен қақтығысы осы спорт түрі пайда болғаннан бері келе жатқан құбылыс екен. Ал бұзақылық қозғалысының бастауы өткен ғасырдың 60 жылдарына тіреледі. Өйткені футбол Еуропаның көптеген елінде қарапайым ауыр тіріліктің қажыған адамдардың көңілін алғайтын бірден-бір жол еді.

Бастапқыда футбол бұзақылары ұсақ-түйек нәрселермен шектеліп отырды. Олар бастаған төбелесте ешкімнің басы жарылып, көзі шыққан жоқ. Кейде еркінсіген есерлер алғаш шығып кетіп, төрешіге қол жұмсайтын. Бәлкі, бәрі командалардың өзге қапалағы ойынына шашыған көтеріңкі баратын жанкүйерлердің топтасуынан басталды. Аяқдоптың айналасындағы аяусыз шапқастарға алғаш болып назар аударған ел Англия болды. Ұлыбритания полициясының талабымен футбол матчтарында алғаш жанкүйерлердің өтуіне мүмкіндік бермейтін қоршау мен тор



торуылдайтын тентектер көшеге шығып, басбузарлық әрекеттер жасай бастады. Бұл құбылыстың қатты өршігені сондай өткен ғасырдың 80 жылдарындағы жағдайды Ұлыбритания баспасөзі «Ағылшын ауруы» деп атады. 1985 жылы Лутон Таун стадионында «Миллүол» командасының жанкүйерлері бастаған

Эйзель стадионында өтіп жатқан «Ливерпуль» мен «Овентус» матчында ағылшын фанаттарынан қашқан италян жанкүйерлерінің салмағын көтере алмаған трибунаның тірек қабырғасы құлап, 39 адам қайтыс болды және жүздеген адам әртүрлі жаранат алды. Осылайша «Ливерпуль» жанкүйерлерінің жерінен Англияның барлық командасы УЕФА өткізетін жарыстарға қатысудан шеттетілді.

Спорттың осы түрі дамыған басқа мемлекеттің «бас ауруы» да бұзақылық болып отырыны белгілі. Мысалы, 2013 жылы Бразилиядағы «Ланс» газеті соңғы 25 жылда елде футболдан шыққан қақтығыстарда 234 адамның қайтыс болғанын хабарлаған.

Токсаныншы жылдардан бері футбол бұзақыларының арыны айтарлықтай басылды. Клубтар мұндай «жанкүйерлермен» араласқасы келмейді, өйткені енді футбол жай ойын емес, бизнеске айналған еді. Ал бизнес пен бұзақылық ешқашан қатар жүрмейтін белгілі ғой. Соңғы жылдардағы озық технология стадиондар мен аландарды бейнебақылау камераларымен жабдықтау мүмкіндік берді. Бұл бұзақылардың қадамын одан сайын қысқарта түсті. Кезінде күллі әлемге жайылған қозғалыс енді аз жылда тек футбол тарихында ғана қалатын секілді.

Аударған: Ерхан АҚЫН



ҚАМШЫБЕК ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

Бокстан Қазақстан ұлттық құрамасының капитаны Қамшыбек Қоңқабаев кәсіби рингтегі үшінші жекпе-жегінде жеңіске жетті. Сыр спортшысы Алматы қаласында өткен WBO Asia Pacific бос титулы бойынша ресейлік Сервер Эмрлаевпен қолғап түйістірді. Жекпе-жек он раундқа жоспарланған. Дегенмен алтыншы раундтан кейін ресейлік боксшы сайысты жалғастырудан бас тартты.

Айта кетейік, бұған дейін кәсіпқой бокста Қамшыбек Қоңқабаев екі мәрте шаршы аланға шығып, екеуінде де жеңіске жетті. Дегенмен бүгін алғаш рет титулдық жекпе-жек өткізді.

Алғаш ресейлік Иса Акбербаевтан айласын асырса, одан кейін украиналық Сергей Радченконы тізе бүктірді.



„ҚАЙСАР“ ЖАСТАРЫ БАБЫНДА

“Қайсар U-18” Тараз қаласындағы “Арман” турнирінің топтық кезеңінде сәтті ойнап, плей-оффқа жолдама алды.

Әсет Меңлікжоланың шәкірттері алдымен “SD Family” командасын 5-0 есебімен жеңсе, “Оңтүстік академия” (1-1) және “Атырау” командасымен (2-2) тең ойнап, финалдық кезеңде ойнауға мүмкіндік алды. Сонымен қатар Шымкент қаласында өткен республикалық “Жастар” турнирінде орталықтың 2005 жылғы тәрбиеленушілері табысты ойын көрсетіп, финалдық кезеңге жолдама алды. Ғалым Үмбетбаевтың шәкірттері топтық кезеңде “Арыс” командасын 3-2, “Оқжетпесті” 2-1 есебімен жеңіп, финалдық бөсекеге қатысатын болды. Финалдық кезең наурыз айында өтеді.



ТОКИО: 43 ЖОЛДАМА

Қазақстанның су добынан ерлер құрамасы биыл Жапония астанасы Токиода өтетін жазғы Олимпиаданың жолдамасына ие болды. Енді Қазақстан еншісінде 43 лицензия бар.

Бұл туралы Роттердам қаласында өткен су добынан олимпиада ойындарының жеребе тарту рәсімінде белгілі болды.

Су добынан Олимпиадаға Азия іріктеу кезеңі өткен жылғы ақпанда Нұр-Сұлтан қаласында өту керек еді. Алайда коронавирус індетінің өршуіне байланысты Қазақстан аталған бәсекені қабылдаудан бас тартты. Осыдан кейін пандемия басталып, Азия су спорты федерациясы іріктеуді өткізуден бас тартты. Жолдама тағдырын 2018 жылы Джакарта қаласында өткен Азия ойындарының нәтижесі шешті. Қазақстан ерлер құрамасы сол сында топ жарған еді. Ал әйелдер арасында Қытай спортшылары үздік шыққан.

Жеребе қорытындысы бойынша Қазақстан Т. тобында Испания, Хорватия, Монтегено, Сербия, Австралиямен күш сынасса, А. тобында АҚШ, Венгрия, Оңтүстік Африка Республикасы, Грекия, Жапония, Италия бар.

Бетті дайындаған: Е.АҚЫН



пайда болып, стөндтер мұқият бақыланды. Осыдан кейін стадион маңы тыныштыққа айналды. Бірақ бұрын ойын өтетін аланды

жанжалдан кейін Ұлыбритания премьер-министрі ескери жағдай жариялауға мәжбүр болды. Осы жылы Брюссельдің



Қазақтың ең көне спорт түрінің бірі – қазақ күресі. Жекпе-жектің бұл түрі республикалық жарыс бағдарламасына кіреді және жоғары сұранысқа ие. Бүгінде бәлі мен білге мықты жастар осы спорт түрін дамытып, жетістіктерге жетіп жүр. Сондай жас спортшының бірі – Шейхрахман Бауыржанұлы.

Шейхрахман Бауыржанұлы, жас палуан:

ШЫНАЙЫ ЖЕҢІС – ЖЕҢІЛГЕНДІ МОЙЫНДАУ

– Шейхрахман, ең алдымен өзіңіз жайлы айтып өтсеңіз? Қазақ күресіне деген қызығушылығыңыз қалай пайда болды?

– Қызылорда қаласының тумасымын. Қазіргі таңда №271 мектептің 9 сыныбында оқимын. Спортпен оқуды қатар алып жүрімін. Бұл спорт түріне деген қызығушылығымды ағам оятты. Қазақ күресі – ең қиын күрес. Басқа күрес түрінен ерекшелігі де сонда.

– Күреспен айналысуды қашанға дейін жалғастыру ойыңызда бар? Кәсіби деңгейге жеткізу жоспарыңызда бар ма?

– Қазақ күресіне 9 жасдан бастап қатысып келемін. Жаттықтырушымын – Мақсат Оспанов. Менімен бірге 30 палуан жаттығады. Өрине, бастаған істің аяқсыз қалғанын жаным қаламайды. Өр спортшының арманы да сол өз билігін бағындыру. Менде қазақ күресінің шыңына жетіп, Қажымұқан секілді әлем чемпионы атаным келеді.

– Белдескеннің белін, тірескеннің тізесін бүктіретін сіздің бүгінге дейінгі жетістігіңіз қандай?

– Осыған дейін Атырау қаласында өткен халықаралық, Қостанай қаласында өткен республикалық турнирдің иегерімін. Талдықорған қаласында өткен халықаралық турнирдің 2 дүркін жеңімпазымын. Өрине, бұл басқалар үшін жай ғана жетістік болып көрінсе де, екі дүркін жеңімпаз атану – жас белдесуші

үшін жеңіп келгенді жей алмай, салмақ қуу машақаты мен тек жаттығу залынан шықпау дегенді білдіреді.

– Үлгі тұтатын спортшыңыз кім?

– Қазақ күресінің шебері – Айбек Нұғымаров. Оның күресу техникасы ұнайды.

– Ең алғашқы күресіңіз есіңізде ме?

Қандай әсер алдыңыз?

– Иә. Ол кезде мен үшінші сыныпта оқимын. Бір белдесуден-ақ жеңіліп, үйіме жүлдесіз оралғаныммен, еш ұялмадым. Спорттан бетім қайтқан жоқ. Көрісінше жаттығуымды жалғастыра бердім. Себебі шынайы жеңіс мен үшін ардақым жеңіс тұғырынан көріну емес, жеңілісінді мойындап, қалайда жеңіс тұғырынан көрінуге ұмтылу.

– Пандемияның жарыстардың өтуіне әсері тиіп жатқан жоқ па?

– Қазір барлық турнир карантин режимін қатан сақтап, жоғары деңгейде өтеді. Бірақ дәстүрлі дода «Алтын белбеу» турнирі пандемияға байланысты бұл жылы болмағаны өкінішті. Өткен жылы бұл турнирден жас ерекшелігіне байланысты белдескендер арасынан екінші орын алып, қаржылай сыйлық иелендім. Келесі жылы да қатысу ойымда бар.

– Өңіміңізге рақмет.


Сұхбаттасқан Адина ЖОМАРТҚЫЗЫ

САУЛЬ «КАНЕЛО» АЛЬВАРЕС: «ГОЛОВКИНАІ СҰЛАТЫП ТҮСІРЕМІН»

Мексикалық былғары қолғап шебері Сауль «Канело» Альварес Геннадий Головкинге қарсы үшінші кездесуді қай уақытта жоспарлағаны туралы журналистердің сұрағына жауап беруден мезі болғанын айтты. «Канело» ESPN Deportes арнасынан шығатын A Los Golpes бағдарламасында Головкинмен өткен екі кездесуде өзінің мықтылығын дәлелдегені мәлімдеді.

– Барлығы Головкиннен басқа ештеңе сұрамайды. Неге екенін түсіне алмаймын, бірақ барлығы тек сол туралы сұрақты төпелей жөнеледі. Бірақ мен онымен рингте 24 раунд жұдырықтастым. Онымен бокстау үшін орта салмақта көтерілдім, ал қазір екінші орта салмақта ауыстым. Осы уақытта дейін қол жеткізген барлық жеңілімнің айтарлықтай маңызы жоқ деп ойлайтын шығарсыздар, бірақ мұның барлығы – мен үшін өте маңызды жетістік. Сондай-ақ менің рингте бір адаммен қайта-қайта жұдырықтасудан да маңызды мақсаттарым бар. Ал егер онымен кезекті рет бокстассам, оны төлепеп ұрып, нокаутқа түсіретініме сенімдімін. Бірақ мұндай жағдайда барлығы Головкинді жасы келген боксшы деп ақтап шығады. Мен бұл жағдайды жақсы білемін. Головкинге қарсы жекпе-жек ұйымдастырылады деп сенемін, бірақ мен оны сұлатып түсіргенде, сіздер оны бұрынғыдай өз бабында емес екенін айттып шығарсыздар», – деді Альварес. Естеріңізге сала кетейік, «Канелоны» бұған дейін тағы бір қазақстандық боксшы Қанат Ислам жекпе-жекке шақырды.





Адамның басы бейнеленген сюжетті суретке бір секунд қараңыз да, көзіңізді жұмып, не көргеніңізді еске түсіріңіз. Иә, ең бірінші нәнің суреті көзіңізге түсті?

СІЗ ҚАНДАЙ АДАМСЫЗ?

КЕМЕ
Көзіңіз бірінші кемеге немесе адамның басындағы шашқа түссе, бұл сіздің бала секілді аңғалдығыңызды, көңілшектіңізді және өте сенгіш, арманшыл адам екеніңізді білдіреді. Көңіліңіз таза, пейіліңіз ақ. Тез қуанып, тез ренжисіз. Мұндай адамдар тілалғыш, тәртіпке бағынатын, ешкімнің ала жібін аттамайтын адал әрі турашыл келеді. Берілген тапсырманы бұлжытпай орындайды, уақытында айтқан жерге кешікпей барады. Бірақ олардың қолынан басқарушылық, өз көсібін ашу, жүргізу, келіссөз жасау келе бермейді. Алайда, шығармашылық жолын тандасңыз, сіздің жемісті болады. Кемшілігіңіз – туындаған мәселенің түбіне бойламау, істің соңы неге алып баратынын бағамдап жатпай-ақ асығыс кірісу. Кішкентай бала не нәрсенің де тек бергі жағын ғана көреді, тым келте ойлайды. Сіз де дәл сондайсыз.

Кенес: Сізге есею керек. Кемеле отыра бермей, теңізге түсіп көруден қорқаңыз. Аузы-мұрныңыздан су кіріп, біраз қиыналасыз. Бірақ біраздан соң қарманып, жүзуді де үйреніп аласыз.

ТЕҢІЗ
Теңізді немесе адамның жүзіндегі мұшлердің (мұрын, көз, қас, ауыз, құлақ, ерін) бірін көрдіңіз бе? Бұл сіздің салмақтылық, сабырлық, мейірімділік, ақылдылық секілді қасиеттерден хабар береді. Сіздің басты ұстанымыңыз – тыныштық. Сондықтан да, шулы, думанды ортадан гөрі отбасында демалғанды ұнатасыз. Дәу-дамайдан қашасыз. Теңіз үстіндегі кемелерге де, су астындағы тіршілікке де ешқандай зиян тимесе екен деп, көбіне эмоцияңыздан да, өзіндік

пікіріңізді де іште қалдырасыз. Бұны ақылдылыққа балайсыз. Тұрасын айтып-айтып тастағыңыз келгенді үндемегенді жөн көріп, бұныңызды даналыққа жатқызасыз. Бірақ толығымен жағға шығып қалмасын деп, балықтарды ойлап тыныштықты сақтағаныңызбен, шағалаларды қорексіз қалдырғаныңызды байқамайсыз. Оған да, бұған да «мақұл» деп, «Алтын орталықты» сақтағыңыз келетін шығар, бірақ бұл үнемі мүмкін емес. Көз жұма қарау, үндемеу, ешкімге зиян тигізбеуді ойлау – жақсы да, жаман да емес. Кей жағдайда бір нәрсеге көз жұма қарау таудай қиындықтан құтқарса, кейбір жағдайда мәселе туындатады. Бұл жағдайға байланысты. Көз келген нәрсенен тек оң жағы емес, теріс жағы да болатынын есте ұстағыңыздыз.

Кенес: Мейірімділік пен көңбістікті, көмек пен аяушылықты, сезім мен ақылды ажырата біліңіз. Не нәрсенің де анық-қанығын білмей жатып «Иә» деуден аулақ болыңыз.

ӨРІПТЕР
Ағылшын тіліндегі мәтінді, өріптерді көрсенің, онда өте зейінді жансыз. Жылдам шешім қабылдау, дер кезінде әрекет жасау, мүмкіндікті мүлт жібермеу – сіздің артықшылығыңыз. Осылар сізді «жолы болғыш» атандырып жүр. Сіз үшін кез келген мәселеден жол тауып шығу қиын емес. Сізді алдау, арбау, пікірдіңізді айныту қиын. Өйткені ойлауың қадам басып, өлшен кесесіз. Мұндай адамдар өткен шақты өзіншітерін ойлап бір орында омылып отыра бермейді. Сондай-ақ болашақтың бақытты сәттерін елестетіп, қиялға мас бол та жата бермейді. Олар дәл осы шақта

өмір сүретіндер. Содан болса керек, олардың жетер жетістігі де, жеңісті істері де көп болады. Бұндай адамдар қаржылық тәуелсіздікке оңай жете алады. Қырағы, сақ адам екеніңізді де ерекше атауға болады.

Кенес: Сіз су астындағы лайды да, судан аспанды да және өз бейнеңізді де көруді үйренсеңіз, кілтсіз-ақ небір құлпыттарды ашатын боласыз. Осы шақ өткен шақтың «баласы», ал келер шақ бүгіннің «баласы» екенін ұмытпаңыз.

БАС
Бас ішіне салынған суреттерді емес, бірінші бастың өзін, адамды көрдіңіз бе? Онда сіз ұсақ-түйекке назар аударма бермейтін, болмашы нәрселерге бордай езіле қоймайтын, кейбір шығын мен қателіктерді елемейтіндердің бірісіз. Шыншылсыз және шынайылықты талап етесіз. Мінезіңіз тік, қатаңдық басым. Көңілге қарай бермейсіз. Көңіліңіз қалса, ол адаммен байланысты үзе салу қиын емес. Ешкімге екінші, үшінші мүмкіндік бермейтін адамсыз. Сондықтан да, достарыңыз аз. Нақтылықты жақсы көресіз. «Менінше...», «сондай болуы мүмкін», «көреміз», «сол сияқты», «ойланайын» дейтіндерді ұнатпайсыз. Сізді тек басты-басты нәрселер ғана қызықтырады.

Кенес: Мектеп үш қабатты әрі үлкен. Бірақ ол емес, оның ішіндегі оқушылар маңызды. Оқушылар болмаса мектеп те, мұғалімдерге жұмыс та болмайды. Маңыздының бәрі бірі бола бермейді, көлеміңіздің бәрі құнды бола бермейді.

Психологиялық сурет сізді дұрыс сипаттай алды ма?



ТӘУЕЛСІЗДІК МОНУМЕНТІ

Әлемде 200-ден астам тәуелсіз мемлекет бар. Тарихтың ауыр қыспағын төтеп беріп, бодандықтың құрсауын бұзып шыққан қазақ елі де осы екі жүздіктің бел ортасынан орын алады. Халқымыз егемендікке қол жеткізген алғашқы жылдары жас мемлекетіміздің баға жетпес құндылығы – Тәуелсіздікті дәріптеп, абыройын асқақтатып тұратын ескерткіш болғанын қалайды.

Бірде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Мысыр еліне жасаған сапарында Тәуелсіздіктің құрметіне қойылған Луксор қаласының қақ ортасындағы монументке көзі түсіп, дәл сондай ескерткішті елімізде де орнатсақ деген ойға келеді. Кейінірек бұл ойын белгілі саясатші Шота Уәлихановқа жеткізіп, жаңа туындының салынуы жөнінде шешім қабылданады. Осылайша, халқымыз егемендіктің бес жылдық белесінен асқан тұста, Алматы қаласының Республика алаңында, Құлш Байсейітова мен Қараш Сәтбаев көшелерінің қиылысында «Тәуелсіздік монументі» бой көтереді. Астана қаласындағы «Бәйтерек» сынды ел символына айналған бұл монумент – Қазақстан жеке мемлекет болып қалыптасқан кезеңнің алғашқы заманауи сәулет туындысы ретінде ешқашан маңызын жоймайтын ескерткіш. Ал оның Республика алаңында орналасуының өзіндік мәні бар. Ескі шаһардың бұл орталығы талай тарихи сәттердің күсіне айналатын баршаға мәлім. Бүгінгі бейбіт күнімізге себепші болған көшеі Желтоқсан оқиғасы дәл осы жерде өтті. Қазақтың қайсар мінез қыз-жігіттері орталық алаңға шығып, өз талап-мүдделерін ашық айтып, бейбіт ереуіл жасаған еді. Ұлт санасын сілкіткен бұл тарихи оқиғаның жанғыры әлі күнге басылар емес. Бүгінде жерасты сауда, ойын-сауық орталығы ашылып, алаң түгізге бақа орнатылған, сонау 86-ның қаһарлы қысында дәл осы жерде талай бодандықтың тағдыры қиылып, тәуелсіздік жолында ажал құшқанын халықтың естен шығармасы анық, 1996 жылы бой көтерген монумент сол өткен тарихтың ақтандық беттерін мұнда келген жолаушының есіне салып, өткенге көз жүгіртуде игермелейді.

ТАУЕЛСІ
Аптада жасылықтар болғы тур. Сонымен бірге қызықты ұсыныс түседі. Мәселен, біліктілікті арттыру курстары. Мұндай ұсыныстан бас тартпаған жөн. Осы уақытта дейін жасаған жұмысыңыз өз жемісіңіз берді. Соңынан қорқып, жаңа жұмыс қолға алыңыз. Алайда асығыстық танытпаңыз, бәрі өз уақытында болады.

СУҚҢҒЫШ
Аптада әріптестермен жанжалдасып, қаржылық қиындықтарға душар болғыңыз мүмкін. Алайда келер апта бәрі реттеледі. Қиындықтан шығып, табысқа қол жеткізу үшін өз бағытыңыздан тандау керек. Жұлдыздар ақшаны ұмытты ұстауға кеңес береді. Себебі қалтаныңа оңай түскен ақшаны сол күйінде желге ұшыруыңыз ғажап емес. Алайда бұл сарандыққа жол беріп, қатты үндеуді керек дегенді аңғартпайды. Керісінше, ақшаны өз рахатыңыз үшін дұрыс жұмсауды үйреніңіз.

БАЛЫҚ
Алға қойған мақсатты қолға алатын уақыт келді. Аптадағы әрбір әрекетіңіз өнімді болады. Махаббат, шығармашылық, қаржы сізге қиындық келтірмейді. Ойға алған жоспарыңыз іске аспай, бір орында тұрапал қалғандай көріне бастайды. Алайда бұл туралы көп ойлап, уайымдамаңыз. Себебі бәрі аз уақыт ішінде реттеледі.

JULDYZ - JORAMAL

ТОҚТЫ
Ешқашан асығыстық жасамаңыз. Аптада шұғыл шешімді қажет ететін жағдайда жылдам әрі қарқынды түрде әрекетке кірісіңіз. Бұл сіздің қолыңыздан келеді. Әміріңізді болып жатқан жағдайды жеделдетуге тырыспаңыз. Қиын сәттердің өзінде ашуға бой алдырмаған жөн. Тік мінезіңізді шетке ысырып, кей жағдайда ікемділікті, кейбірінде құлық танытуға тура келеді.

ТОРПАҚ
Апта жетістікке жетуге сәтті уақыт. Сондай-ақ өміріңізде келеңсіздіктер болмайды. Жақсы жұмысқа орналасып, жаңа бастауға көшу мүмкіндігі туады. Кәсіп бастау, маңызды келісімдер немесе ауқымды іскерлік кездесу септігін тигізеді. Отбасын құруды жүрсеніз, оны келесі айдың енісіне қалдырған жөн.

ЕГІЗ
Өмірді қайта бастауға құлшыныс артып, өмір қызығын сезінесіз. Махаббатта жолыңыз болады. Өткенге мақсатқа жету үшін бұл апта таптырмас уақыт. Жолыңыз болып, көп нәрсеге оңай қол жеткізесіз. Сондықтан берілген мүмкіндікті жіберіп алмаңыз.

ШАЯН
Аптада жаңа қарым-қатынас бастап қана қоймай, ескісін де реттей аласыз. Жағымды жағдай мен өзгеріс орын алғалы тұр. Барлығына да дайын болыңыз. Дегенмен сізде айтарлықтай қиындықтар болмайды. Бұл апта демалып, ең алға таптырмас уақыт. Сондықтан кезекті еңбек демалысыңызды осы уақытқа жоспарласаңыз өкінбейсіз.

АРЫСТАН
Көп ойланп, түрлі жоспар құрып, алғашқы қадам жасасаңыз, жұмыстың нәтижесін көре аласыз. Апта соңында қарыдағын шешімін дұрыс-бұрыстығына көз жеткізесіз. Биікке жетуді де, төменге құлдырауды да бастан өткеруіңіз мүмкін. Апта соңында

күтпеген ұсыныс жасалады. Десе де жұлдыздар ауыр міндетті жауапкершілікке алмауға кеңес береді. Қандай да бір шешім қабылдамас бұрын ата-анаңызбен ақылдасқан жөн.

БИКЕШ
Өміріңізде айтарлықтай өзгеріс болады. Өмірлік серігің іздегендер жанына жақын адамды табады. Жұмыста басылықтың жеңісі шағымына мін бермеуге тырысып, дүтіген мақсатқа жетер жолда табандылық таныту көрген естен шығармаған жөн. Қаржы мәселесіне көңіл бөлген дұрыс.

ТАРАЗЫ
Қаржы саласында, жалпы, кез келген жарыста жеңіске жетесіз. Кәсіп бастағысы келгендерге сәттілік серік болады. Алайда істі достарыңызбен бірге бастамаған жөн. Жаңа белестерді бағындыратын уақыт жетті. Өзіңізді өзге қырынан көрсетіңіз. Бұл апта табысты кезең. Мұның бәрі – бұған дейін қолға алған істі жемісі. Жеке өміріңізде маңызды кездесулер болады.

САРЫШАҢ
Алдыңыздан көптеген сынақ шығуы мүмкін. Алайда бұл сіздің күштілігіңіз бен төзімділігіңізді тексеруге жақсы мүмкіндік. Егер сынақтан сұрыпбай өтсеңіз, әрі қарай үлкен жетістікке жетесіз. Жұлдыздар асығыстық танытауға кеңес береді. Көптемен бірге сезім топтылып, айналага шуақ шаша қарайсыз.

МЕРГЕН
Үнемі қиын жағдайдан шығудың жолыңыз адыр. Сонымен бірге аптада көп нәрсеге қол жеткізе аласыз. Осы айда жеке өміріңізге қатты өсер ететін оқиға болуы мүмкін. Қаржы саласында сәттілік болады. Ұлкен табысқа кенелесіз. Алайда берілген мүмкіндіктің жоспарды жүзеге асырудан аңғаруың маңызды.

Кезекші редактор: Г.ЖҰМАДИН

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		
БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРАБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа» үйі ЖШС шемсірерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.	
Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10	Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz	Таралымы: 8535 Тапсырыс № 322
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г күнілі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» қоғамдық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.		